

**Куракбаева Айгуль Сеитованың**  
**«8D01101 – Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша**  
**философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Білім беру кеңістігін**  
**цифрландыру жағдайында білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту»**  
**тақырыбындағы диссертациясына**  
**АҢДАТПА**

**Зерттеудің өзектілігі**

Білім беру кеңістігінің цифрлануы жағдайында білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту экономика мен білім беру салаларының трансформациясынан туындаған қазіргі қоғамда орын алып жатқан өзгерістерге байланысты бірінші кезектегі маңызға ие болып отыр. Цифрлық технологиялар адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды және цифрлық құралдарды – виртуалды және толықтырылған шындық технологияларын, жасанды интеллектті, интерактивті платформаларды, қашықтан білім беру технологияларын, онлайн-курстар мен вебинарларды оқу үдерісіне енгізу арқылы жоғары білім беру жүйесіне зор әлеует ұсынады, бұл білім алушыларға цифрлық экономика жағдайында жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес болуға және цифрлық білім беру кеңістігі жағдайында оқу-кәсіби қызметті басқаруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберін оқу үдерісін жоспарлау мен мазмұнына қолдану және интеграциялау оқыту мен еңбек нарығының қажеттіліктері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін, білім алушылардың жаңа немесе өзгертілген кәсіби дағдыларды жедел меңгеруіне бағытталған кәсіби даярлыққа ықпал етеді [1]. Білім алушылардың қазіргі заманғы кәсіби даярлығы цифрлық экономика жағдайында қоғамның өзгермелі қажеттіліктеріне білім алушылардың жылдам бейімделуіне ықпал ететін жаңа оқыту технологияларын пайдалана отырып, білім беру кеңістігін құруды көздейді.

Білім беру кеңістігі тұтастық, ұйымдасқандық, құрылымдылық, мазмұндылық және интеграция белгілерімен сипатталады [2], бұл кәсіби даярлау жүйесінің ұлттық, өңірлік және жаһандық деңгейлердегі стратегиялық бағытын көрсетеді. Аталған зерттеуде «білім беру кеңістігі» ұғымы жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісін цифрландыру контекстінде білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамытудың шарты ретінде қарастырылады.

Цифрландыру жағдайында ғаламдық, ұлттық және өңірлік деңгейлерде үздіксіз білім берудің біртұтас әлемдік білім беру кеңістігі қалыптасуда [3]. Осы үш деңгейдің өзара байланысын ескере отырып, экономикалық дамуы жоғары елдер білім алушылардың кәсіби қалыптасуын қамтамасыз ету және олардың әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында өздерінің цифрлық білім беру кеңістігін құруға ұмтылады.

Экономика мен білім беруді цифрландыру Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Қазақстанда білім беруді цифрландыру жолында бірқатар реформалар жүргізіліп, олардың аясында білім беру жүйесінің цифрлық инфрақұрылымын дамытуға, деректерді зияткерлік талдауға, цифрлық және қолжетімді білім беруге бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен ұлттық жобалар іске асырылды. Сонымен қатар, ашық білім беруді дамытуға ықпал ететін заманауи жаңашылдықтар, электрондық оқыту платформалары мен оқу қауымдастықтары енгізілуде.

Білім беруді цифрландыруды стратегиялық жоспарлау мен іске асыруға бағытталған негізгі мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарға: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы [1], Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V «Ақпараттандыру туралы» Заңы [4], сондай-ақ Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы [5] жатады.

Жоғары білім беру жүйесінің басты мақсаты – кәсіби қызметтің сабақтас және интеграцияланған салаларында еркін бағдарлай алатын, кәсіби өсуге ұмтылатын жоғары білікті әрі бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау. Қазақстан Республикасының жаңа кәсіптер мен құзыреттер Атласының деректеріне сәйкес, экономика мен білім беруді цифрландырудың

қарқынды дамуына байланысты қолданыстағы дағдылар мен құзыреттердің «жарамдылық мерзімі» қысқарып, жаңа кәсіби дағдыларды игеру немесе бұрын меңгерілгендерін жетілдіру қажеттілігі арта түсуде [6]. Кәсіби қызметінде цифрлық технологияларды өз бетінше меңгеріп, тиімді қолдана алатын білім алушыларды кәсіби даярлау мәселесі зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды, өйткені жоғары білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды дамыту мен игеру Қазақстан Республикасының білім сапасы бойынша әлемнің жетекші елдерінің қатарына қосылуына бағытталған басым міндеттердің бірі болып табылады және бұл жоғарыда аталған мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттарда көрініс тапқан.

Қазіргі таңда еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлау мәселесі аса өзекті болып отыр. Цифрландыру – «барлық үрдістердің негізінде жатқан үрдіс» [7] ретінде өндірісті түрлендіріп, инновацияларды ынталандырады, экономикалық өсімді арттырады және осылайша білім беру саласына ықпалын кеңейтеді. Цифрлық технологияларды білім беру практикасына интеграциялау білім алушылардың кәсіби қабілеттері мен құзыреттерін қайта бағалауға мүмкіндік беріп, дәстүрлі әдістер мен тәсілдерге сын-қатер тудыра отырып, ХХІ ғасырдағы еңбек ресурстарына қойылатын талаптарға жауап беретін оқытудың инновациялық теорияларын ілгерілетеді.

**Диссертациялық зерттеудің мақсаты** – білім беру кеңістігін цифрландыру жағдайында білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту моделінің тиімділігін теориялық тұрғыдан негіздеу және оны тәжірибелік-эксперименттік жолмен тексеру.

**Зерттеу нысаны** – педагогикалық үдеріс.

**Зерттеу пәні** – білім беру кеңістігін цифрландыру жағдайында білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту.

**Зерттеу болжамы** – егер білім алушылардың кәсіби даярлығы үдерісінде жалпы ақыл-ой қабілеттерін, креативтілікке қабілеттілікті, мотивация мен кәсіби бағыттылықты қалыптастыруға бағдарланған кәсіби қабілеттерді дамыту моделі іске асырылса, онда жоғары оқу орнының цифрлық білім беру кеңістігі жағдайында білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамытуға және цифрлық технологиялар көмегімен оқу-кәсіби қызметті басқаруға мүмкіндік беретін білім беру үдерісі жобаланады, соның нәтижесінде экономиканың және қоғамның цифрлық білім беруге деген сұранысы қанағаттандырылады.

**Зерттеу міндеттері:**

1. Қазақстан Республикасындағы білім беруді цифрландырудың дамуы мен стратегиялық жоспарлануына аналитикалық шолу жасау.

2. Цифрлық технологияларды пайдалану арқылы білім беру кеңістігін құрудың теориялық негіздерін және цифрлық дидактика теориясын зерделеу.

3. «Кәсіби қабілеттер» ұғымының мәнін ашу және кәсіби қабілеттердің құрылымы мен компоненттерін айқындау.

4. Цифрлық білім беру үдерісінде қажетті әдістерді, технологияларды, құралдар мен формаларды анықтау.

5. Білім беру кеңістігін цифрландыру жағдайында білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту моделін әзірлеу.

6. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында білім беру кеңістігін цифрландыру жағдайында білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту моделін енгізудің тиімділігін тексеру.

**Жетекші идеясы** білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту цифрлық дидактика теориясының қағидалары мен тәсілдеріне негізделген, цифрлық технологиялар көмегімен құрылған білім беру кеңістігі жағдайында жүзеге асады.

**Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін төмендегі ғылыми тұжырымдамалар құрады:**

– іс-әрекеттік-технологиялық оқыту теориясы (В.И. Блинов, А.Ю. Уваров, Г.К. Нургалиева, Е.В. Артыкбаева);

– контекстік-ортаға негізделген оқыту теориясы (А.А. Вербицкий, С.Ф. Сергеев, И.В. Роберт);

– проблемалық-ақпараттық оқыту теориясы (М.И. Махмутов, А.М. Матюшкин, Е.В. Ковалевская);

– мәдени-антропологиялық оқыту теориясы (И.Я. Лернер, Е.А. Климов, Д.М. Джусубалиева);

– құзыреттілікке негізделген оқыту теориясы (А.В. Хуторский, А.К. Мынбаева, Ш.Т. Таубаева, А.А. Булатбаева).

### **Зерттеу әдістері:**

Қазақстан Республикасында білім беруді цифрландыруды дамыту мен стратегиялық жоспарлауға қатысты мемлекеттік және нормативтік-құқықтық құжаттарға аналитикалық шолу жасау; жетекші елдердің білім беру жүйесін цифрландыруды дамытудағы халықаралық тәжірибені талдау және жинақтау; зерттеу мәселесі бойынша ғылыми жарияланымдардың мазмұнына контент-талдау жүргізу; модельдеу әдісі; сауалнама жүргізу әдістері; бақылау әдісі; тәжірибелік-эксперименттік жұмыс; эксперименттік жұмыс деректерін өндеуде SPSS математикалық статистика әдістерін қолдану.

### **Зерттеу базасы:**

«Торайғыров университеті» КЕАҚ (Павлодар қ., Қазақстан).

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- білім беруді цифрландыруды дамыту мен стратегиялық жоспарлау саласындағы шетелдік және отандық тәжірибе зерделеніп, жүйеленді;

- цифрлық технологияларды қолдану арқылы «білім беру кеңістігін» құруға қатысты тәсілдер мен қағидалар қарастырылды;

- білім алушылардың кәсіби қабілеттерінің құрылымы мен компоненттері айқындалды;

- цифрлық оқытудың әдістерін, технологияларын, құралдары мен формаларын қамтитын білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту моделі әзірленіп, тәжірибеге енгізілді;

- білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамытудың критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлер жүйесі ұсынылып, апробациядан өтті;

-«Психология» пәні бойынша жаппай ашық онлайн курстар (МООК), «Психология» пәніне арналған электрондық оқулық, сондай-ақ «Қашықтан оқыту технологияларын қолдану арқылы оқыту үдерісін басқару» электрондық арнайы курсы әзірленіп, білім беру тәжірибесіне енгізілді.

**Зерттеудің теориялық маңыздылығы** білім алушылардың кәсіби қабілеттерін жалпы зияткерлік қабілеттерді, креативтілікке қабілеттілікті, мотивация мен кәсіби бағыттылықты қалыптастыруға бағдарланған модельді енгізу арқылы дамытуда көрініс табады, аталған модель білім беру кеңістігін цифрландыру жағдайында білім алушылардың кәсіби қабілеттерін жетілдіруге және цифрлық технологиялар көмегімен оқу-кәсіби қызметті басқаруға мүмкіндік береді.

**Зерттеудің практикалық маңызы:** ұсынылған теориялық тұжырымдар, қорытындылар мен ғылыми-әдістемелік ұсынымдар білім беру кеңістігін цифрландыру жағдайында білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту мақсатында кәсіби даярлау үдерісінде қолданылуы мүмкін.

### **Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді цифрландыруды дамыту мен стратегиялық жоспарлауға жүргізілген аналитикалық шолу ҚР-дағы цифрландырудың даму кезеңдерін анықтап, оларды негіздеді.

2. Цифрлық технологияларды қолдану арқылы білім беру кеңістігін құрудың теориялық негіздері және цифрлық дидактика теориясының қағидалары сипатталды.

3. «Кәсіби қабілеттер» ұғымы білім беру кеңістігін цифрландыру жағдайында оқу-кәсіби қызметті басқару үшін қажетті білімді, білікті және құзыреттерді меңгеруге мүмкіндік беретін когнитивтік қабілеттердің (жалпы ақыл-ой қабілеттерінің) және когнитивтік емес қабілеттердің (жеке-тұлғалық қабілеттердің) компоненттерін қамтитын даралық-психологиялық қасиеттер жүйесі ретінде анықталады. Білім беру кеңістігін цифрландыру жағдайында оқу-кәсіби қызметте күрделі міндеттерді шешуге білім алушылардың

дайындығын қамтамасыз ететін кәсіби қабілеттердің құрылымы мен компоненттері ұсынылды.

4. Цифрлық білім беру үдерісінде қажетті әдістер, технологиялар, құралдар мен формалар қолданылды.

5. Мақсаттық, мазмұндық-технологиялық және нәтижелік блоктарды қамтитын білім беру кеңістігін цифрландыру жағдайында білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту моделі цифрлық дидактика теориясының қағидалары мен тәсілдерін іске асыруға және білім алушылардың оқу-кәсіби қызметін басқаруға мүмкіндік берді.

6. Білім беру кеңістігін цифрландыру жағдайында білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту моделін апробациялауға арналған тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері 2022–2023 және 2023–2024 оқу жылдары аралығында «Аударма ісі», «Шетел филологиясы», «Орыс филологиясы» білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың кәсіби қабілеттерінің даму деңгейінің оң динамикасымен айқындалды.

**Зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен шынайылығы** ғалымдардың әдіснамалық және теориялық көзқарастарын зерделеу арқылы, жүргізілген зерттеудің міндеттеріне сәйкес келетін теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістерін қолдану арқылы; тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында алынған және математикалық статистика әдістерімен өңделген нәтижелер арқылы; сондай-ақ зерттеу нәтижелерімен ұсынылған болжамның расталуымен дәлелденеді.

#### **Зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу**

Зерттеу нәтижелері 2020 жылы [54], 2022 жылы [55], 2023 және 2025 жылдары Павлодар қаласындағы Торайғыров университетінде өткен халықаралық ғылыми конференцияларда; 2023 жылы [56] Мәскеу қаласындағы «Г. В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университеті» ФМББЖЖО-да; Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Психология» кафедрасының, сондай-ақ «Торайғыров университеті» КЕАҚ-тың «Тұлғалық даму және білім беру» кафедрасының ғылыми-әдістемелік семинарларында баяндалды. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері ҚР ҒЖБМ Ғылыми және жоғары білім комитеті ұсынған басылымдарда: 2021 жылы [57] «Торайғыров университетінің хабаршысы» ғылыми журналында; 2022 жылы [58] және 2023 жылы [59] «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы» ғылыми журналында жарияланды, сондай-ақ 2025 жылы [60] «Scopus / Web of Science» ақпараттық базаларына кіретін ғылыми журналда мақала ретінде жарық көрді.

**Диссертацияның құрылымы** кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

**Кіріспеде** диссертациялық жұмыстың өзектілігі, зерттеу жұмысы барысында жүргізілген зерттеулерге шолу, зерттеу мәселесі, мақсаты, міндеттері, нысаны, пәні, зерттеудің ғылыми болжамы, жетекші идеясы, әдіснамалық және теориялық негіздері, зерттеу көздері мен әдістері баяндалады. Сондай-ақ зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар, зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен шынайылығы, сондай-ақ зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу туралы мәліметтер келтірілген.

**Бірінші бөлімде** «Білім беру кеңістігін цифрландырудың теориялық негіздері» Қазақстандағы білім беруді цифрландыруға қатысты стратегиялық нормативтік-құқықтық құжаттар қарастырылып, «цифрландыру», «білім беру кеңістігі», «кәсіби қабілеттер» ұғымдарына авторлық анықтамалар берілген; цифрлық дидактиканың трансформация кезеңдері айқындалып, цифрлық дидактика теориясының қағидалары мен тәсілдері анықталған.

**Екінші бөлімде** «Цифрлық дидактика контексіндегі білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту жүйесі» Scopus және Web of Science журналдарындағы ғылыми жарияланымдар мазмұнына жүргізілген сапалық талдау негізінде кәсіби қабілеттердің құрылымы мен компоненттері айқындалған; білім алушылардың кәсіби қабілеттер картасы

әзірленген; білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту моделінің мәні ашылып, кәсіби қабілеттерді дамытудың критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлері ұсынылған.

**Үшінші бөлімде** «Цифрлық оқыту үдерісінде білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс» 2022–2023 және 2023–2024 оқу жылдары аралығында білім алушылардың кәсіби қабілеттерін дамыту моделін білім беру үдерісіне әзірлеу және енгізу кезеңдері, сондай-ақ тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.

**Қорытындыда** зерттеудің нәтижелері, қорытындылар және ғылыми-әдістемелік ұсынымдар берілген.

**Қосымшаларда** зерттеуге қатысты актілер мен практикалық материалдар қамтылған.